


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



1 (173)

ҚАҢТАР – АҚПАҢ 2009
ЯНВАРЬ – ФЕВРАЛЬ 2009

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ
НАН РК

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Қаз., 1993, 30 қаңтар.), «Міржақыптың екі аудармасы» («Алматы ақшамы», 1992, 8 қазан), «Қос арна» («Халық кеңесі», 1992, 19 сәуір. // Абай мен Лермонтов туралы), айта берсек мұндай танымдық мақалалары мен эстетикалық тәрбие беретін эсселері жүзден асады. Ғалымның терең білімділігі мен кісілік келбетін танытатын көркем дүниелер өткенін іздеп, тереңге үнілгісі келген кез келген оқырманға бағдарлам болып алады. Қазақ әдебиетшілерінің қай-қайсысын алып қара, Сәкеннің талғамынан, оның сын сүзгісінен өтпегені кемде кем. Талантты тануда, еңбекті бағалауда С. Сейітов әсте жалыққан емес. Бірақ өзін танытуға, еңбегін елетуде асыққан емес.

Қазіргі кезде қалыптасып келе жатқан саяси-қоғамдық ахуалдар әр алуан өмір саласындағы демократиялық ағымдардың өріс жолына, ақиқаттың кең айдынға шығып, тереңнен сыр қозғауына тиімді жағдай жасап, келелі мәселелер мен түрлі құбылыстарға жаңа көзқарас туғызып, жаңаша ойлау жүйесін орнықтырып отыр. Бұл істе қоғамның ар-ұждан тұрғысынан тазаруына, тарихи-өлеуметтік жеңісін нығайтуға, адамдардың белсенді азаматтық позициясын күшейтуге

жауапкершілік жүгін бұрынғыдан да ерекше сезінген әдебиет, өнер және ғылымға артар жүкте ауыр. Бұл біздің ұлттық құндылықтарымызға жанашырлықпен қарап, таным таразысына қайта салғанда ар алдындағы ақиқатқа жүгінуімізді талап етеді. Осы ретте халық алдында да, ұрпақ алдында да азаматтық борышын адал орындап, артына мол мұра қалдырған көрнекті ақын, зерттеуші ғалым С. Сейітовтің есімін ерекше атаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтұрсынұлы А. Өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер. Алматы, 2003. 1-т, 408-б.
2. Әдебиеттер термин сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998. 384-б.
3. Добролюбов Н.А. Собрание сочинений в 3-х томах М.: Госиздат. худ.-ой лит.-ры, 1952.
4. Белинский В.Г. Собрание сочинений в 13-ти томах М., 1954. Т. 5.
5. Әзімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. Алматы: Жазушы, 1993.
6. Сейітов С. Даму мен дәстүр // «К. Ә». 1978. 3 қараша
7. Сейітов С. Поэзиямызда жаңа дәстүрдің дамуы // «К. Ә». 1984. 5 қазан.
8. Шілібаев Ә. «Ақын. Ғалым. Азамат» // Қаз. мұғ., 1977. 18 қараша.

Г. Т. ЕСІМЖАНОВА

ШӘКӘРІМ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СИПАТЫ

Қазақ әдебиетіндегі Абай салған жазба дәстүрді ілгерілетуші, әдеби тілдің позициясын нығайтқан дара тұлға — Шәкәрім Құдайбердіұлының ғашықтық дастандары: «Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек» сынды шығармаларында кейіпкерлер басынан өткен оқиғаларды баяндауда көп қолданған көркемдегіш тіл құралдарының бірі — фразеологизм. Адамзат баласы ардақтаған ақ сезім үшін бастарын ажалға тіккен ғашықтардың әрекетін ақын тіл көркемдегіш құралының өсерлілігі арқылы жеткізіп, тамаша туындыларымен қазақ әдебиетіндегі ірі тұлғалардың біріне айналды. Фразеологизмдердің ұтымды әрі орынды қолданылуы Шәкәрім дастандарының көркемдік деңгейін арттыра түсті.

Фразеологизм тіл білімінде лексикологияның дербес бір саласы ретінде ХХ ғ. 40-жж. кеңес тіл білімінде пайда болған. Оның теориялық негіздері А. А. Потебня, Ф. Ф. Фортунатов, В. В. Виноградов, Н. М. Шанский т.б. ғалымдардың еңбектерінде салынды. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді зерттеп, негізін салған ғалым — І. Кеңесбаев. Дегенмен қазақ тіл білімінде фразеологияның жалпы проблемалары түбегейлі шешімін тапты деп кесіп айту қиын. Фразеологизмдер — тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі.

Фразеологизмдер жазу, сөйлеу тілінің ажарын кіргізіп, күдіретін арттыра түсетін, көңілдегі ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік бояу-нақышымен жеткізетін, көркем сөз қазынасында қорланып,

қолдануға дайын тұратын, қалыптасқан сөз тіркестері [1, 8].

Ал, қазіргі тіл білімінде фразеология термині екі мағынада қолданылып жүргені мәлім. Біріншіден, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін сала, екіншіден, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы деп білеміз.

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте: «Фразеологизм дегеніміз — формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр калпында қайталап қолданылатын семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер», — делінген [2, 559].

Фразеологизмдер ұзақ тілдік қолданыстан кейін ғана тұрақтылыққа ие болатын тарихи категория екендігін және көпшілігі жалпыхалықтық, жылдар бойы қалыптасқан тілдік элементтер екендігін көптеген ғалымдар анықтаған.

Орыс тіл білімінде осы салада көп еңбек жазған филология ғылымдарының докторы А. И. Федорова фразеология туралы: «Большинство фразеологических единиц по происхождению — это застывшие народные метафоры, сравнения, метонимии, части пословиц и поговорок. Образные представления, выраженные этими средствами, отражают какие-либо факты жизни и быта, характеризуют человека», — деп көрсеткен [3, 8].

Көңілдегі көрікті ойды өсерлі жеткізу үшін жұмсалатын фразеологизмдер үлгісі Шәкәрімнің «Қалқаман—Мамыр» дастанында былай беріледі.

Осы жол — бар қазаққа белгілі жол,
«Ақтабан — шұбырынды» дегенің сол.
Жаяу жүріп табаны аппақ болып,
Қорлық көріп қазақтың шұбырғаны ол [4, 290]

Ал «Еңлік—Кебекте»:

Табан тиіп жүре алмай, халі құрып,
Сұлап жатты айнала Саумал көлді [4, 290].

Мұнда берілген «Ақтабан—шұбырынды», «сұлап жатты», «халі құрып», «қорлық көріп» фразеологизмдері ел басына түскен ауырлықты, заманның қиын-қыстау кезін бейнелеп тұр.

Немесе: «Қара қазан, сары бала қамын ойлап, ...» дегенде [4, 300], бала-шаға, отбасы амандығын қорғаштау мағынасында айтылатыны белгілі.

Ал «сазайын тартып, жазасын алу» — деген мағынадағы сөз тіркестері, халық арасында «сы-

бағасын алған» фразеологизмімен ауыстырылып қолданылатыны белгілі. Ал Шәкәрім ақында былай берілген:

Сол соғыс — Хан Абылай келген кезі,
Қалмақтың сыбағасын алған кезі [4, 293].

Шәкәрімнің «Қалқаман—Мамыр» дастанында:

Әнет бабан Арғынның ел ағасы,
Әрі би, өрі молла, гүламасы» [4, 280], —

деп келетін жолдарындағы *ел ағасы* фразасы І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде: «Ел [жұрт] ағасы [тұтқасы] көпшілік сыйлайтын қадірлі кісі ел сөзін сөйлейтін кісі» деп түсіндірме берілген [5, 159]. Сол сияқты:

Екі көзін қан жауып, өңі қашып,
Сүп-сүр болып, алартып көзін ашып [4, 295].

дегенде «өңі қашып» — өңі бұзылды, қуарды, қуқыл тартты. Бет өлпеті өзгерді; бет-өлпеті үрейден, қорқыныштан сүп-сүр, күп-қу боп өзгерді [5, 453] деп түсіндіреді. Немесе:

Кімнің көзі жетеді күні ертеңге,
Теңін тапқан сенімен жалғыз мен бе? [4, 301]

Мұндағы: *Көзі жетті, көзін жеткізді* 1. Көміл сенді; ақиқатына қанды. 2. Анықтап айырып көрді, ажырата, таныды [5, 261].

Дастандардағы фразеологизмдердің экспрессивті-стилистикалық қызметі тілдік қарым-қатынаста ойдың нөрін арттырып, эмоционалдық бояуын күшейтіп, оған мейлінше бейнелі, мөнерлі көрік беріп жеткізетіндігі. Адамның көңілсіз күйін сипаттайтын *екі иығы салбырап; еңсесі түсіп* немесе *көңілі жүдеу; қабағы салбырау; көңілі қарау* фразеологизмдері адамның көңіл күйінің экспрессивтілігі әлдеқайда өсерлі екенін көрсетеді. Мысалы:

Кабекеннің қабағы қарыс түсіп,
Мінеки сондағы айтқан бір жұмбағы [4, 306].

Шәкәрімнің «Қалқаман—Мамыр» дастанындағы:

Не де болса қылдым деп бір жұмысты,
Бара сала Олжайға кісі салды [4, 285], —

дегенде, басқа біреуді жұмсады, кісі жіберді дегеннен «кісі салды» немесе «араға адам жүргізді»

деген фразеологизмдер арқылы бергенде эмоционалдық күші тең емес екенін байқаймыз

«Тұла бойы қалтырап кетті» дегенде адамның қатты қорқып сескенуі немесе сәл тоңып салқын леп сезуі айқын бейнеленіп тұр.

Фразеологизм көркем сөз құралының экспрессивті-эмоциялы бояуы қалың көркемдік дәрежесі жоғары болып келетіндіктен, ақынның дастандары ұлттық колоритімен, ұлттық нақышымен көзге түседі, тіліне ұлттық ажар беріп тұрғаны байқалады.

Фразеологизмдер бір жағынан тіл көркемдігінің құралы, екіншіден ой көркемдігінің сипаты болып саналатындықтан, шешендік өнердің халық танымындағы ерекшелігі — «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығару», ойлы сөз айту. Ал сөз көбейген соң айтылар ойдың нәрі кетсе, халық мұндай шешеннен үндемеген есті артық деп, ой дүниесін жоғары қойғаны белгілі. Фразеологизмдердегі ой дүниесіне орай, А. И. Федорованың пікірін айта кетсек: «В живой разговорной речи употребление фразеологизмов как образных средств позволяет конкретизировать предмет мысли, передавая при этом эмоциональное отношение к нему», — дейді [3, 8].

Фразеологизмдердің қолданылатын ортасына және экспрессивтік сипатына қарай үш салаға топтастыру тәжірибесі қалыптасқан: стильаралық фразеологизмдер, ауызекі-тұрмыстық фразеологизмдер, кітаби фразеологизмдер.

Шәкәрімнің шығармашылығында көбінде ауызекі-тұрмыстық фразеологизмдер орын алған. Қазақ тілінің фразеологиясын зерттеген ғалымдардың бірі Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаевтардың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбектерінде: «Ауызекі — тұрмыстық фразеологизмдер негізінен ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын экспрессивті-стилистикалық бояуы бар, еркелету, жек көру, балағаттау, әжуалау, әзіл — қалжың сияқты фразеологизмдер жатады», — деп анықтама береді [6, 212]. Бұл фразеологизмдердің ерекшелігі жалпылама қолданыстағы синонимдерімен салыстырғанда айқын байқалады. Мысалы: «Сүйтсе де үміт үзіп өлмек жаман...» [4, 282]. *Үміт үзді, күдер үзді* — дегенді түңілді, болады деген ойынан шықпады дегенді білдіреді.

Немесе:

Матай қызды, Тобықты Кебекті іздеп,
Шатаққа соқты сөйтіп сөз аяғы [4, 305].

Шатаққа соқты немесе шатақ болды дегенді *даушықты* синониммен көрсетуге болады.

Тентегінің жазасын мойынға алсын,
Егер оған көнбесе, дайындалсын [4, 306], —

дегенде: 1. Айып-кінәсін мойындады. 2. Міндетті болды [5, 392] деп түсіндіре келе жалпылама қолданыстағы *міндетті* деген синониммен айқындауға болады.

Немесе:

Мені де кедей емес, байға берген,
Күйеуім өткен жазда ұрын келген [4, 298].

Бұл дегеніміз айттырған қызға тойдан бұрын күйеудің жеңгелеріне деген сыйлықтарын алып, қыздың ауылына жасырын келу (бару, жіберу) мағынасында [5, 544] жұмсалады.

Жалпылама қолданыстағы синонимдерімен алғанда *жасырын* дегенді білдіреді.

Ей батыр, сен жатырсын ұйқың қанбай,
Мен жүрген бір сорлымын бағым жанбай [4, 298].

Мұндағы *бағы жанбаған* дегенді бақытсыз, сормандай болды, бақытсыздыққа ұшырады [5, 88] деген жалпылама қолданыстағы синонимдерімен түсіндіруге болады.

Ақын ғашықтардың ішкі әлемін, сезім құбылыстарын, ақ ниеттерін, таза армандарын, күмәнсіз өзара сөйлескен сөздерін де, ерекше ықыласпен ден қойып, фразеологизмдерді шебер таңбалай отырып суреттеген.

Мысалы «Қалқаман—Мамыр» дастанында:

Асықтығын айта алмай іштен жанып,
«Құрбымыз» деп құр ойнап-күледі екен [4, 281]

Жылы жүрек өзіне жар тапқандай,
Тыншымады, тулады, жүз құбылды [4, 282]

Соны айтып амандасып Мамыр кетті,
Күн сайын Қалқаманнан сабыр кетті [4, 282].

Сабыр кетті — сабыры бітті, қалмады, таусылды сияқты фразеологиялық варианттарды құрайды. Бұл фразеологизм шыдам-төзімі құрыды деген мағынаны білдіреді.

Ал «Еңлік—Кебек» дастанынан мысал келтірсек

Кебектің қолын Еңлік қысып алып,
Шөлдеп сусын ішкендей мейірі қанып [4, 302]

мұндағы

Мейірі қанды — құмардан шықты, рақаттанды [5, 390]

Немесе

Көрінгенге көз сүзген көрсе қызар,
Әдепсіз қыз дейсің ғой әлдеқандай [4, 298]

мұндағы *көз сүзген* дегеніміз: 1. Қысылып төмен қарады 2. Телмірді, дәме етті [5, 263] дегенді білдіреді.

Ер Кебек тыным алып үйде жатпай,
Еңлікке келіп жүрді дамыл таппай [4, 303].

Қарастырып отырған дастандарда діни ұғымға байланысты фразеологизмдер де белгілі дәрежеде орын алған.

Мысалы: *Мамыр-ау, мені сүйсең* (Қалқаманның сөзі), *кетпе жатқа, құдайға хақ, ісім жөн шаригатқа* [4, 284]. (Мамырдың сөзі) — *Көкенай, Қаргамаймын, сөзіме бақ, ісім жөн, бір құдайға көңілім хақ* [4, 286].

Шәкәрімнің дастандарында кездесетін кейбір фразеологизмдердің сыртқы тұлғасында айырмашылығы болғанымен, беретін мағынасы бір екендігі байқалады. Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі» еңбегінде мағыналас фразеологизмдердің тобын ажыратып, анықтама береді.

Мысалы: *«Тыныққан соң қалмақтан кек алуға, сөз байлап уағдармен ұнасыпты»* [4, 292]. Мұндағы «Сөз байлап» фразеологизмдердің тіркесі уәде жасады; мәміле етті деген фразеологизмдердің тіркесі бір шешімге келгендікті білдіреді. Сондықтан бұл фразеологизмді мағыналас фразеологизмдер деп атауға болатындығын байқаймыз.

Сақтықта қорлық жоқ; Абайлап жүрген абзал деген мағынадағы фразеологизмдерді Шәкәрім «Сақтыққа қорлық жүрмес» [4, 296] деп фразеологияның нұсқасын береді. «Фразеологиялық варианты дегеніміз — мағына тұтастығын сақтаған фразеологизмдердің лексика-грамматикалық түрлері» [5, 202].

Қорытындылай келе, Шәкәрім Құдайбердіұлының дастандарында фразеологизмдерді қолдануы, олардың мағыналық байлығын, алуан қырлы қасиеттерін, сан түрлі бояуларын мейлінше мол, әрі орынды пайдалану үлгісін жасай отырып, ақындық шеберлігінің қуатын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Ахметжанова Ф.Р., Қайырбаева Қ.Т. Түр-түске байланысты тұрақты сөздер. Өскемен, 2000. 136 б.
2. Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990. 559 с.
3. Фразеологический словарь русского литературного языка конца XVIII—XX в. Т. I. Под ред. А. И. Федорова. Новосибирск: Наука, 1991. 307 с.
4. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988. 547 б.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. 712 б.
6. Қалиев Ф., Болганбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. Алматы: Сөздік-словарь, 2006. 264 б.

Резюме

Рассматриваются лексические значения, стиль и характерные особенности употребления фразеологизмов в произведениях Ш. Кудайбердиева.

Summary

In this article lexical meaning, style and characteristic features of using the phraseologies in Sh. Kudayberdiev's works are considered.